

Тайынша Мәңгі

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 53 (905) 6 желтоқсан, 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru



АҚОРДА – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ РЕЗИДЕНЦИЯСЫ

Егемен Қазақстанның жаңа астанасында көркемдік маңызы мен ауқымы жөнінен қала орталығының бірегей сәулеттік ансамблі бой көтерді. Оның құрамындағы ең басты туынды – Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы.

Резиденция қала құрылысы ансамблінің композициялық және мазмұндық орталығы болып саналады. Астана сәулеттік кешенінің басты өзегін құрайтын негізгі орындары ретінде «Хан Шатыр» – «Бәйтерек» – «Ақорда» – «Бейбітшілік және келісім сарайы» – «Қазақ Елі» монументі бой көрсетеді. Сәулеттік ансамбльдің композициялық өзегі Ұлы даланың дәстүр сабақтастығының сақталуы идеясын, еуразиялық толеранттылық мәдениеттің жалғасуын және бүгінгі әлемдік өркениет биігіне ұмтылған қуатты Қазақстанның жасампаздығын нақтылы түрде айшықтап көрсетеді. Ақорда – ел дамуының жаңа философиясының көрнекі бейнесі. Резиденцияның символикалық және функционалдық бағыты өзінің толық кескінін қасбеттер мен ішкі көріністердің рәсімделуінен – олардың мәнер-стистикасы мен түсіне қатысты шешімдерінен тапты. Еуропалық сәулет өнеріне тән дәстүрлі шешім ғимаратта жаңа мазмұнмен толыққанды.

Ақорда түпкі ой мен оның іске асырылуы жөнінен Қазақстан тәуелсіздігінің көркем бейнесін білдіреді. Қазақтың және шығыстың мотивтер сарайдың сәулеткерлік жасау-жиназдарында шеңберлер мазмұны және ою-өрнекті декор арқылы көрініс тапқан. Авторлық жобаның айрықша өзгешелігі, эксклюзивті ерекшелігі – резиденцияға көркемдік тұтастық беретін қазақ бейнелеу өнерінің бірегей жиынтығы. Метафорикалық тұрғыдан ол еуропалық мәдениет өрісіндегі далалық өркениетті, ғаламшардағы ірі құрлық – Еуразия өнерінің синтезін көрсетеді.

Сыртқы келбет пен ішкі көріністің эстетикалық жүйесінің өзі дәстүрлі еуропалық сәулеткерліктің ойланп жасалған озық үлгілерінен келіп шығады. Резиденцияда көрініске қойылған қазақстандық суретшілердің туындылары Қазақстан өзін әлемде ұлы өркениеттер мәдениетін тоғыстырушы мемлекет ретінде көрсете отырып, мақтанш тұтатын Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің қажетті балансын құрайды. Резиденция құрылысы 2001 жылы басталды. Авторлар алдында даму үстіндегі елдің қуаты мен қарқынын білдіретін қайталанбас бірегей кешен құру міндеті тұрды. Жоба жұмысын Еуропа мен Қазақстанның белгілі сәулетшілері жүргізді. Олардың қатарында еуропалық әйгілі дизайнерлер М.Гуалацци мен А.Мольтени бар. Ішкі көріністі ұлттық мәнерде орындау академик Қ.Монтақаевтың кеңесімен жүргізілді. Еліміз үшін аса маңызды мемлекеттік нысанды салу үшін 26 ұлт өкілдері және әлемнің ондаған елінің мамандары мен жұмысшылары еңбек етті. Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының ресми тұсаукесері 2004 жылғы 24 желтоқсанда өтті. Ғимараттың жалпы ауданы – 36 720 шаршы метр. Ғимарат құрылыстағы ең соңғы заманауи әдістер мен озық инженерлік құрылғыларды қолдану арқылы монолиттік бетоннан тұрғызылды. Үшкір төбесімен қоса алғандағы ғимарат биіктігі – 86 метр. Ғимарат жер үстіндегі бес қабатты және жер астындағы екі қабатты үйден тұрады. Бірінші қабаттың биіктігі 12 метрге тең. Сәулет ансамблінің бөлінбейтін құрамдас бөлігі – сыртқы абаттандырылуына да айрықша көңіл бөлінген. Ақорда алдындағы алаң көше беттегі негізгі қасбеттің сән-салтанатты сипатын аша түседі. Субұрқақ пен гүлдер аллеясы да салтанатты көрініс тудырады. Кіре беріс және асфальтты жолдар, шағын сәулеткерлік нысандар, автотұрақ аймақтары композицияға нұқсан келтірместен өз орындарын тапқан. Аумақ шырағандары бар декоративті дуалмен қоршалған. Мемлекет басшысы резиденциясының атауында терең мағына бар. Тікелей аударғанда «Ақорда» кәдімгі «ақ орда» («белая ставка») дегенді білдіреді. Резиденцияның қасбеттері мен ішкі көріністерінің түстеріне қатысты шешімде ақ түс пен ашық реңктер басым. Резиденцияның барлық залдарында ерекше ішкі жасаулар, аспалы шамдар және жиназдар бар. Едендер мәрмәрдің, граниттің және көркем паркеттің алуан түрімен апталған.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ФРАНЦИЯ ПРЕЗИДЕНТІ ЭММАНЮЭЛЬ МАКРОНМЕН КЕЗДЕСТІ

Парижде ресми сапармен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эмманюэль Макронмен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Келіссөзге дейін Елисей сарайында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Францияға ресми сапармен келуге шақырғаны және Қазақстан Президенті лауазымына қайта сайлануына орай құттықтағаны үшін Эмманюэль Макронға алғыс айтты. Мемлекет басшысы бұл сапар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтып, қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеруге зор мүмкіндік беретінін атап өтті. Франция 2005 жылдан бері Қазақстан экономикасына жалпы көлемі 17 миллиард доллар инвестиция құйып, ең ірі бес инвестор елдің қатарына кірді. Соңғы 9 айда екіжақты тауар айналымы 2,5 миллиард долларға жетті. Бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 6,1 пайызға жоғары. Францияның Орталық Азия елдерімен жасаған сауда-саттығының 90 пайызы Қазақстанға тиесілі. Екі мемлекет энергетика, тау-кен өндірісі, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс, аэроғарыш, машина жасау, денсаулық сақтау және тамақ өнеркәсібі салаларында тиімді жобаларды бірлесіп жүзеге асырып келеді. Қазақстанда 170-тен астам француздық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың арасында экономикамыздың жетекші инвесторлары саналатын

Total Energies, Air Liquide, Airbus, Alstom, Orano және Danone секілді компаниялар бар. Былтыр елдеріміз Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықтың 2030 жылға дейінгі жол картасын бекітті.

Келіссөз барысында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық жаңғыру үдерісі жөнінде айтты. Өз кезегінде Эмманюэль Макрон Қазақстан Францияның стратегиялық серіктесі екенін атап өтті. Екі ел арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Энергетика саласында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Еуропалық Одақ Қазақстандағы түрлі жобаларға инвестиция салып келеді.

Сонымен қатар Эмманюэль Макрон 2024 жылы Қазақстанда француз тілінде оқытатын жаңа мектептер ашылатынын айтты. Франция Президенті Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға қолдау білдірді. Тараптар екі елдің білім және мәдениет салаларындағы байланыстарын нығайту жөнінде пікір алмасып, халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді және Орталық Азия өңіріндегі жағдайды талқылады. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронды Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

ПРЕЗИДЕНТ ФРАНЦИЯНЫҢ ЖЕТЕКШІ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Шараға Total Energies, Orano, Saint Gobain, Boehringer Ingelheim France, Soufflet Group, BPI France, Vicat, Syctom, Pellenc, FICT мал шаруашылығы қауымдастығы, Total Eren, PCM, Safran, Thales, Groupe EDF, Assystem, Alstom, Evolution International, MHB SAS, Exa International, Airbus, Rungis – Semmaris, MBDA, SOPREMA, Луи Викат және басқа да ірі компаниялардың басшылары қатысты. Мемлекет басшысы өз сөзінде халықаралық қоғамдастық бүгінде күрделі геосаяси және экономикалық мәселелермен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, жаңа сын-қатерлер жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Қиын-қыстау кезең – байланыс орнатып, серіктестікті дамыту үшін қолайлы уақыт. – Біз ортақ экономикалық және саяси мүдделерімізді одан әрі ілгерілету үшін Франциямен және жалпы Еуропамен арадағы қарым-қатынасты жолға қойғымыз келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан еркін және бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканы нығайтуды көздеп отырғанын атап өтті. Сондай-ақ монополиядан арылу Қазақстанды қуатты, бәсекеге қабілетті және инвесторларға тартымды етеді деп санайды. Ол бизнес ахуалды жақсарту үшін заңнамаға одан әрі тиісті өзгертулерді енгізуге дайын екенін жеткізді. Мемлекет басшысы Франция Қазақстанның негізгі экономикалық әріптестерінің бірі екенін атап өтті. – Биылғы тоғыз айда Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы 12 пайызға өсті. Бүгінде 170-тен астам француз компаниясы, соның ішінде Total Energies, Orano, Airbus, Vicat, Air Liquide, Alstom, Saint-Gobain және басқалары Қазақстанда табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың барлығы Қазақстан экономикасына елеулі үлес қосып келеді. Францияның Қазақстандағы Сауда өкілдігін құру ынтымақтастығымызды нығайтуға өз септігін

тигізер еді деп санаймын. Біз оның тезірек құрылғанын құптаймыз. Сондай-ақ француз компанияларын еліміздің инвестициялық мүмкіндіктерін қарастыруға шақырамын. Жиынға қатысушылардың бәріне Қазақстан қауіпсіз және тұрақты инвестициялық орта қалыптастыруға кепілдік беретінін нық сеніммен айта аламын, – деді Мемлекет басшысы.

– Біз агроөнеркәсіп кешенін дамытып жатырмыз. Оның өндіріс көлемін 2,5 есе ұлғайту және экспортшымыздың көлемін екі есе арттыру жоспарланып отыр. Тиісінше, біз ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге салынатын инвестицияны ынталандырамыз және Францияның азық-түлік өндірушілерін осыған байланысты инвестициялық мүмкіндіктерді қарастыруға шақырамыз. Біз осындай жобаларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз. Екіншіден, бұл – ынтымақтастық орнатуға зор әлеуеті бар экономикамыңдағы секторы. Біз табиғи ресурстар қоры бойынша әлемде алтыншы және тау-кен өндірісінің жалпы көлемі бойынша (мұнай мен газды қоспағанда) оныншы орындамыз. 2040 жылға қарай аса маңызды материалдар мен сирек кездесетін металдарға деген әлемдік сұраныс төрт есе артады деп болжанып отыр. Үкімет қажетті қолдау көрсетуге дайын. Біз компаниялар өздерінің озық тәжірибелерін, ноу-хауын және жаңа технологияларын әкеледі деп үміттенеміз, – деді Президент. Президент Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық серіктестік барлық салада әртарапанып, кеңейе беретініне сенім білдірді.

– Бүгінгі конструктивті диалог бизнесті өркендетуге және ортақ дамуға ниетті екенімізді тағы да нақтылауға мүмкіндік береді. Менің әкімшілігім француз компанияларына өңірдегі экономикасы ең қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірінде бизнес жүргізуі үшін барлық қажетті қолдау көрсетуге дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің төрағалығымен ұлт ұстазы, «Алаш» қозғалысының қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.

Отырыста мемлекеттік органдардың басшылары мерейтой аясында атқарылып жатқан ғылыми-зерттеу, ағартушылық, мәдени-бұқаралық бағыттағы жұмыстар жайында баяндады.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы мемлекеттік сыйлығы тағайындалғанын атап өтті. Сонымен қатар ол ЮНЕСКО-ның Париж қаласындағы штаб-пәтерінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған ғылыми конференция өткенін, онда «Ахмет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» (қазақ, ағылшын, орыс, түрік тілдерінде) кітабының тұсауы кесілгенін айтты. Бұдан бөлек биыл ТҮРКСОЙ ұйымы халықаралық деңгейдегі ғалымдар мен зерттеушілерге жыл сайын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы төсбелгі тағайындағанын және Алматы қаласында ұлт ұстазының ескерткіші ашылатынын жеткізді.

ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қайраткерлігіне арналған «Соңғы үкім» киножобасының түсірілімі жыл аяғына дейін аяқталатынын, желтоқсан айында мерейтойға арналған республикалық айтыс өткізілетінін атап өтті.

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов Торғай өңірінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының ескерткіші ашылғанын, Қостанай облысындағы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының әдеби мұражайына абаттандыру жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Отырысты қорытындылай келе, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын насихаттауға бағытталған іс-шараларды жыл соңына дейін жоғары деңгейде өткізу қажет екеніне тоқталды. Сондай-ақ Түркістан қаласында Халықаралық түркітанушылар конгресін ұйымдастыруды, ұлт ұстазының 12 томдық шығармаларының жинағын шығаруды, «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісін дайындау жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: БӘРІМІЗ ЖӘНЕ ӘРҚАЙСЫМЫЗ ҮШІН. ҚАЗІР ЖӘНЕ ӘРДАЙЫМ» САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

Қазақстандық қоғам мен мемлекетті одан әрі жаңғыртуға бағытталған реформаларды тиімді іске асыруды жалғастыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілсін.

2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астана, Ақорда, 2022 жылғы 26 қараша № 2 Жарлығы

* * *

* * *

* * *

Қазақстан Республикасы Президентінің
2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: БӘРІМІЗ ЖӘНЕ ӘРҚАЙСЫМЫЗ ҮШІН. ҚАЗІР ЖӘНЕ ӘРДАЙЫМ» САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫ

№ р/с	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
I. ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ				
1.1. Саяси жаңғыру				
1.	Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жаңа институттарының: Конституциялық Соттың, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің жұмысын күшейту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, КС, АҚУ, БҚУ, АҚЖҰО	2024 жылғы наурыз
2.	Парламент пен мәслихаттардың жаңа сайлау жүйесінің негізінде – партиялық тізімдер мен бір мандатты округтер бойынша қалыптастырылуын қамтамасыз ете отырып, сайлау өткізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ОСК, Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы маусым
3.	Партияаралық диалогты дамыту, саламатты саяси бәсекелестікті қамтамасыз ету, жетілген, жауапты сайлау мәдениетін қалыптастыру үшін қолайлы	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ОСК	2023 жылғы наурыз
4.	Қала және аудан әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу мониторингі	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы шілде, желтоқсан
1.2. Тиімді мемлекеттік аппарат				
5.	Мониторинг пен талдау деректерінің негізінде мемлекеттік қызмет жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша тәсілдерді тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	МҚІА	2023 жылғы шілде
6.	Президенттік жастар кадрлық резервін қалыптастыру практикасын жалғастыру, елдің барлық кәсіби жағынан білікті және патриот азаматтарына мемлекеттік қызметке кіру мүмкіндігін ұсыну	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	МҚІА	2023 жылғы сәуір
7.	Адамның бүкіл өмірлік циклінің бойында қызметтерді проактивті көрсету үшін мемлекеттік дерекқорларды пайдалана отырып, E-gov мобильдік қосымшасының базасында мемлекеттің азаматпен және бизнеспен қашықтан өзара іс-қимыл жасауы үшін цифрлық инфрақұрылым құру («Invisible Government» жобасы)	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, МҚІА, СЖРА	2023 жылғы ақпан
8.	Мөлшерін ТКШ мен абаттандыруға арналатын шығыстардың кемінде 10%-ы көлемінде айқындай отырып, «халық қатысатын бюджет» практикасын төртінші деңгейдегі (аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың) бюджеттерге тарату	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы сәуір

1	2	3	4	5
1.3. Әділ және тәуелсіз сот				
9.	Судьялардың сот төрағаларына тәуелділігін азайта отырып, оның ішінде сот төрағалары позицияларының бір бөлігін судья лауазымдарына өзгерту есебінен олардың тең мәртебесін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы	ЖС, ЖСК	2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы маусым
10.	Репрессиялық тәсілден бас тарту, қылмыстық қудалау орбитасына түскен азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ЖС, БП, ҰҚК, СЖҚА, ҚМА	2023 жылғы қаңтар
11.	Сот төрелігін іске асыруда біркелкілікті қамтамасыз етуге арналған интеллектуалдық талдамалық жүйені толыққанды енгізуді жылдамдату	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ЖС, Үкімет	2023 жылғы наурыз
12.	Апелляция институтын реформалау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, ЖС	2023 жылғы ақпан 2023 жылғы маусым
13.	Алкабилердің қатысуымен сот қарайтын істердің санаттарын кеңейту	Қазақстан Республикасының Заңы	ЖС, БП, Үкімет	2022 жылғы желтоқсан
14.	Сот жюриінің шығарылуы кезінде судья өрескел заң бұзушылыққа жол берген, күші жойылған әрбір сот актісін тексеру тетігін енгізу бойынша шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ЖСК, ЖС	2023 жылғы наурыз, қазан
15.	Бас бостандығынан айыруға балама жазаларды қолдану практикасын кеңейту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ЖС, БП	2023 жылғы наурыз
16.	Мыналар: заманауи технологиялар мен медиацияны пайдалана отырып, тиімді азаматтық сот ісін жүргізу; сотқа дейінгі талқылаулар жүйесін күшейту; айыптау және қорғау тараптары арасындағы нақты жарыспалылықты қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ЖС, БП, ҰҚК, СЖҚА, ҚМА	2023 жылғы сәуір
1.4. Азаматтар құқығын қорғау				
17.	Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге, оның ішінде: азаматтардың құқықтарын қорғауды арттыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге; бизнестің істеріне өз бетінше араласу фактілеріне және лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың өзге де нысандарына жол бермеуге; азаматтарды қылмыстық процестің орбитасына барынша аз қажетті тарту кезінде шындықты анықтауға қажетті рәсімдерді оңтайландыруға; қылмыс жасағаны үшін санкцияларды қайта қарауға, қоғамдық жұмыстарды қолдану аясын кеңейтуге және т. б. бағытталған ревизия жүргізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, БП, ЖС, ҰҚК, СЖҚА, ҚМА	2023 жылғы наурыз
18.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы одан арғы күрес бойынша шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СЖҚА	2023–2025 жылдар мамыр
19.	XXI ғасырдағы қазақстандық полицияның сервиске бағдарланған кәсіби моделін құру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023–2024 жылдар желтоқсан
20.	Адамның қадір-қасиетін қорлайтын және азаматтардың денсаулығына залал келтіретін азаптауларды және тергеп-тексерудің рұқсат етілмеген өзге де әдістерін болғызбау жөнінде шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БП, ҰҚК, СЖҚА, ҚМА, Үкімет, АҚЖҰО	2023 жылғы маусым, желтоқсан

21.	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарды қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, ҰҚК, БП, ҰБ, ҚМА	2023 жылғы наурыз
22.	Азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды күшейту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БП	2023 жылғы ақпан
23.	Құқық бұзушылықтар профилактикасы жүйесінің тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі шешімдерді тұжырымдауға қатысуын кеңейту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БП, АҚЖҰО	2023 жылғы ақпан
24.	Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, есірткі қылмыстарына, алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру бойынша шаралар кешенін қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БП, ҰҚК, СЖҚА, ҚМА, Үкімет	2023 жылғы маусым, желтоқсан
25.	Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауаптылықты күшейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, БП, ЖС	2022 жылғы желтоқсан

1.5. Ел қауіпсіздігі

26.	Ұлттық мүдделерді қорғауға, өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің алдын алу тетіктерін тұжырымдауға және Қазақстанның БҰҰ шеңберінде халықаралық қауіпсіздік жүйесін күшейтуге қосатын үлесін арттыруға бағытталған, теңгерімді сыртқы саясатты жүргізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023–2029 жылдар желтоқсан
27.	Елдің әскери қауіпсіздігінің сын-қатерлеріне барабар ден қоюға қабілетті, озық қару-жарақпен және басқару жүйелерімен жарақтандырылған технологиялық және мобильді армия құру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ҰҚК, МКҚ	2023–2029 жылдар желтоқсан
28.	Заманауи технологиялар трансфертін және өндірістің орналасуы жоғары екенін ескере отырып, қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту жөнінде шаралар қабылдау	жол картасы	Үкімет, ҰҚК, МКҚ	2023 жылғы ақпан
29.	Мыналарға: әскери білім беру жүйесін кәсіби әскери кадрларды даярлауға бағдарлай отырып, оны жетілдіруге, сондай-ақ әскери ғылымның деңгейін арттыруға; әскери қызметтің беделін, әскери қызметшілердің мәртебесін және Қазақстан армиясының беделін арттыруға; жастарды Қазақстан халқына адалдық, Отанды қорғау жөніндегі әскери борышын қалтқысыз орындау рухында патриоттыққа тәрбиелеуге бағытталған жаңа тәсілдерді енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ҰҚК, МКҚ	2023 жылғы наурыз
30.	Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысын нығайту жөнінде шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы мамыр, қараша

II. ӘДІЛЕТТІ ЭКОНОМИКА

2.1. Мемлекеттің әділетті және айқын экономикалық саясаты

31.	Ұлттық қордың активтерін 100 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайту, қорды сапалы басқаруды, оның сақталуын және лайықты инвестициялық кірісті қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ, Үкімет	2023–2029 жылдар қыркүйек
32.	2025 жылы көлеңкелі экономиканың деңгейін ЭЫДҰ елдерінің көрсеткішіне – ЖІӨ-ге қатысты 15%-ға дейін төмендету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ҚМА	2023–2025 жылдар шілде
33.	2025 жылға қарай мемлекеттің экономикадағы үлесін 14%-ға дейін төмендету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)	2023–2025 жылдар қыркүйек
34.	2029 жылға дейін кемінде 150 миллиард АҚШ доллары болатын тікелей шетелдік инвестицияларды тарту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023–2029 жылдар шілде
35.	Бәсекелестікті қорғауға, монополистерге бақылауды күшейтуге бағытталған процестерді жалғастыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БҚДА, СЖРА	2023–2025 жылдар маусым

36.	Экономиканы монополиясыздандыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БҚДА	2023–2029 жылдар маусым
37.	Әділ, ашық, болжамды салық салуды қамтамасыз етуге бағытталған, оның ішінде: салықтық әкімшілендіруді жаңарту; салықтық бақылауды мүмкіндігінше барынша цифрландыруды қамтамасыз ету; экономиканың түрлі секторларында сараланған салық мөлшерлемелеріне көшу; технологиялық жаңғыртуға және ғылыми әзірлемелерге бағытталған пайдадан алынатын корпоративтік табыс салығын төмендету немесе одан босату тетігін енгізу; салық төлеуден жалтару тәуекелдерін барынша азайту мақсатында арнаулы салық режимдерін оңайлату; салық жүктемесін төмендету мақсатында ұйымдарды қасақана бөлшектеуге жол бермеу; барабар мөлшерлемелері және қарапайым рәсімдері бар бөлшек сауда салығын қолдануды кеңейту; сәнді заттарға салынатын салық мөлшерлемелерін көтеру; кәсіпорындардың кірістерін Өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеу қорын ұлғайтуға бағытталатын қаражат мөлшерінде салық салудан босату; мемлекеттік қолдау алу кезінде бизнестің	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Кодексі	Үкімет, СЖРА, ЖС	2023 жылғы желтоқсан 2024 жылғы қазан
	қарсы міндеттемелерін белгілеу арқылы жұмыскерлердің жалақысын көтеруді ынталандыру көзделетін жаңа Салық кодексінің қабылдануын қамтамасыз ету			
38.	Ең төмен жалақыны айқындаудың серпінді тәсілге негізделген және негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескеретін жаңа әдістемесін енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, СЖРА	2023 жылғы қаңтар 2023 жылғы желтоқсан
39.	Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар санының 4,7 млн адамға дейін өсуін қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)	2023–2029 жылдар қаңтар
40.	Ішкі еңбек нарығын қорғауды күшейту бойынша, оның ішінде еліміздің азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)	2023–2029 жылдар желтоқсан
41.	3,3 млн-нан астам азаматты, оның ішінде кемінде 2,3 млн адам жастарды жұмысқа орналастыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)	2023–2029 жылдар қаңтар
42.	Жалдаудың жаңа нысандарын: қашықтан жұмыс істеуді, икемді жұмыс графигін, ішінара жұмыспен қамтуды дамыту үшін еңбек заңнамасын ырықтандыру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)	2023 жылғы желтоқсан
43.	Жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң қабылдау, оның ішінде: сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің, сондай-ақ жергілікті қамтудың ең төменгі бағасынан сапаның басым	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, БҚДА, СЖРА, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)	2023 жылғы қыркүйек 2023 жылғы желтоқсан
	болуын; барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына көшіруді көздеу	тәжірибелік пайдалануға беру актісі		2024 жылғы наурыз
44.	Орта және жоғары қайта бөлу өнімдерін өндіру мақсатында ішкі нарықтың қажеттілігі үшін жеңілдік бере отырып, ел аумағында өндіріп алынатын және өндірілетін базалық материалдарды беруді қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023–2025 жылдар шілде
45.	Шетелдік әріптестермен бірлесіп, ірі мұнай-газ жобаларын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет	2023 жылғы шілде

2.2. Бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы және орнықты ауыл

46.	1 млн-нан астам ауыл тұрғынын қамти отырып, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуға 1 трлн теңге бағыттау және барлық жеке қосалқы шаруашылықтардың жартысын кооперативтік кәсіпкерлікке тарту және микрокредит берудің және сату нарығына қол жеткізуін қамтамасыз етудің есебінен 350 мыңнан астам жұмыс орнын құру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023–2029 жылдар желтоқсан
47.	Ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу үшін жеңілдік жағдайларды қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023–2029 жылдар желтоқсан
48.	Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің, оның ішінде: ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы суару ауданын 2,5 млн гектарға дейін жеткізе отырып, екі есеге арттыруға; 3,5 мың км суару арналарын реконструкциялауға; шамамен 4 текше км суды қосымша жинақтау үшін 25 жаңа су қоймасын салуға және 16 жұмыс істеп тұрған су қоймасын жаңғыртуға бағытталған құжатын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы наурыз

2.3. Ашық көлік дәліздері және логистика

